

## Жазушы Оралхан Бөкеевтің есімін мәңгі есте қалдыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 27 тамыздағы N 742

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Көрнекті жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Оралхан Бөкеевті мәңгі есте қалдыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысы әкімінің, Қазақстан Жазушылар Одағының және Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің:

- Шығыс Қазақстан облыстық бюджеті, сондай-ақ басқа да түсімдер есебінен О. Бөкеевтің қабірі басына ескерткіш құлпытас тұрғызу, жазушы тұрған Алматы қаласы Жамбыл көшесіндегі N 165 үйге мемориалды тақта орнату, жазушының туған жері Шығыс Қазақстан облысы Катон-Қарағай ауданында О.Бөкеевтің әдеби-мемориалдық музейін ұйымдастыру туралы;

- Алматы қаласының бір көшесіне, Өскемен қаласындағы бір мектепке О.Бөкеевтің есімін беру туралы;

- Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің студенттері үшін О.Бөкеев атындағы бір стипендия тағайындау туралы Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Алматы қаласының әкімімен келісілген ұсыныстары құпталсын.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі О.Бөкеевтің екі томдық таңдамалы шығармалар жинағын, жазушы туралы естеліктер жинағын бастырып шығаратын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі